

главные показатели можно оценить во время испытания бычков по собственной продуктивности, вести предварительную селекцию племенных бычков и выделять для последующей оценки по качеству потомства действительно лучших.

В нашей стране испытание бычков мясных пород по собственной продуктивности проводится за период контрольного выращивания с отъема от коров-матерей (с 7-8 мес.) до 15-ти и 18-ти месячного возрастов. За рубежом повсеместно принят период испытания от отъема до 12-ти месячного возраста.

Принятый за рубежом срок испытания бычков привлекает как ученых, так и производителей тем, что он позволяет в более раннем возрасте получить исчерпывающие данные о собственной продуктивности бычков и наметить перспективу их дальнейшего использования.

По мнению специалистов, создание испытательной станции по испытанию бычков мясных пород по собственной продуктивности является наиболее эффективным мероприятием по раннему выявлению лучших животных – потенциальных быков-производителей. Более ранний отбор перспективных животных и использование их в воспроизводстве стада позволит улучшить селекционные признаки, ускорить повышение эффективности производства мяса-говядины и получение высокопродуктивных животных.

В настоящее время в практике племенной работы с мясным скотом отбор животных происходит в основном по их комплексной оценке, при этом довольно часто встречается, что животные положительно оцененные в одних условиях, не всегда имеют высокий класс в других худших условиях. Поэтому совершенствование казахской белоголовой и других мясных пород должно основываться на отборе и подборе скота именно по генетическим характеристикам, позволяющим при правильной селекции повышать генетический потенциал популяции от поколения к поколению.

В этой связи необходимо иметь метод оценки животных, который на основе фенотипических показателей и межстадных различий популяций, позволял бы рассчитать генетическую ценность скота. Одним из таких методов в мировой практике является методология наилучшего линейного несмещенного прогноза или BLUP- метод.

Адаптация и внедрение метода BLUP AM в практическую селекцию позволит значительно ускорить темпы генетического улучшения специализированных пород мясного скота отечественной и зарубежной селекции, разводимых в нашей стране. К сожалению, в нашей стране метод BLUP AM не получил широкого распространения в мясном скотоводстве, хотя с определенной эффективностью используется в молочном скотоводстве.

Расчеты индексов племенной ценности осуществляются относительно среднепопуляционных значений селекционных показателей базового года. Периодичность выбора базового года определяется Республиканскими Палатами крупного рогатого скота мясных пород.

Работу по совершенствованию животных казахской белоголовой породы продолжают ученые Западно-Казахстанского аграрно-технического университета имени Жангир хана (ЗКАТУ имени Жангир хана), КазНИЖИКа, СевНИИЖа, Казахского национального университета (КазНАУ), специалисты и животноводы агроформирования Казахстана в тесном взаимодействии с Республиканской палатой казахской белоголовой породы, которая наряду с выполнением многочисленных организационно-функциональных обязанностей является базой хранения и обработки текущей информации по всем стадам породы (ИАС).

УДК:636.2

**Қажғалиев Н.Ж.**, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, доцент  
Қазақтың ақбас тұқымының Республикалық палатасы

## **ОТАНДЫҚ ҚАЗАҚТЫҢ АҚБАС ТҰҚЫМЫНЫҢ ӨНІМДІЛІК САПАСЫ**

Қазақстан Республикасында ірі қара шаруашылығы мал шаруашылығының жетекші саласы болып табылады және оның дамуы халықтың қажеттілігін қанағаттандыратын тағамдық өнімімен (сиыр еті), үздіксіз қамтамасыз етумен тығыз байланысты.

Соңғы жылдар республикамызда мал санының тұрақты өсімі байқалады. Мысалы, 01.01.2019 жылғы мәліметі бойынша ірі қара малы 7128,2 мың басты құрап, соның ішінде асыл тұқымды мал үлесі 10,8% болса, бүгінгі күні 01.01.2020 жылдың статистика мәліметі бойынша республикамызда барлық ірі қара мал саны 7 436 407 басты есептелінді, оның ішінде барлық аналық мал саны 3 769 765 басты құрап отыр. Яғни 2019 жылмен салыстырғанда 308 207 басқа немесе 4,3% өссе, ал шаруа қожалықтарындағы мал үлесі 2 есеге сандық жағынан артқан.

Асылтұқымдық жұмыстарын жүргізу саласында өнімділігі мен тұқымдық қасиеттері бойынша ауылшаруашылығы малдарын тиімді бағалау мен іріктеу мәселелері маңызды орын алады. Осыған орай, бүгінгі күні елімізде ірі қара малын асылдандыру жұмыстарының үдерісін генетикалық бақылау қажеттілігі ауыл шаруашылығының негізгі салаларын дамытудың маңызды критерийіне айналууда.

2020 жылдың статистика мәліметі бойынша асыл тұқымды мал саны 883 297 басты құрайды, яғни асыл тұқымды мал үлесі 11,8%, оның ішінде ет өнімділігі бағытындағы асыл тұқымды мал саны 587 453 басты құрап отыр, яғни етті бағыттағы ірі қара мал үлесі 66%. Соның ішінде қазақтың ақбас сиыры тұқымы 273 994 басты құрады (жалпы мал басының 57%).

Қазақстан Республикасындағы тұқымдық аудандастыру ұсынымдары бойынша 8 етті мал тұқымын өсіру қарастырылған: қазақтың ақбасы, әуликөл, санта-гертруда, герефорд, абердин-ангус, қалмақ, галовейлік және шароле. Ең кең таралғаны қазақтың ақбас сиыры тұқымы, оның жалпы етті мал басы саны бойынша үлестік салмағы 63% құрайды.

Кейінгі он жылда етті малдың саны үш есеге дейін артты. Соның ішінде қазақтың ақбас сиыры елімізде ең кең тараған ет бағытындағы арнайы тұқым. Бұл тұқым малы бүгінгі күні Қазақстанның Ақмола, Батыс Қазақстан, Ақтөбе, Шығыс Қазақстан, Павлодар және Солтүстік Қазақстан облыстарында кеңінен жетілдіріліп келеді.

Қазақтың ақбас сиыры тұқымын өсіруші жетекші асылтұқымды шаруашылықтар: «Шағатай» ЖШС және «Айсұлу» («Аңқаты») ШҚ, Батыс Қазақстан облысы; «Шалабай» ЖШС ШҚО, «Балкашинский» Ақмола облысы; «Крымский» және «Ключевое» Қостанай облысы; «Алабота» Солтүстік Қазақстан облысы.

Республика бойынша бұл тұқымның жалпы саны 2010 жылдың есебі бойынша 78157 мың бас малды құраса, бүгінгі 2020 жылдың мәліметі бойынша 384472 басты құрап отыр.

Қазақстанда қазақтың ақбас тұқым малының 2010 жылмен салыстырғанда 306 мың басқа артып, тұрақты өсіп келе жатқанын көруге болады.

Қазақстанның ауыл шаруашылығы экономикасын реформалау үдерісі кезінде асылдандырылған жануарлар үлесі жалпы саны 15-17%-дан 1-3% дейін төмендеп кетті.

Реформалауға дейін қолда шамамен 1,2 млн. асылдандырылған жануарлар болды. 1990 жылы жалпы етті мал басы бойынша қазақтың ақбас сиыры тұқымының үлес салмағы 78% құрады.

1960 жылдан бастап 1990 жылға дейін етті мал басы сонымен бірге қазақтың ақбасы, 1964-1969 кезеңді қоспағанда, өсті, дегенмен орташа жылдық өсім жоғары болмады және 3,2% құрады, ал қазақтың ақбасы тұқымында ол 13,7% болды. Сонымен, қазақтың ақбас сиыры тұқымындағы мал басының өсуі басқа етті тұқымдарға қарағанда өсімімен алда болды, бұл оның танымалдығына дәлел болады.

Батыс Қазақстан және Шығыс Қазақстан аймағында мал басының өсуі интенсивті жүрді (20%-ға) және сиырлардың үлес салмағы тұқымдағы жалпы мал басы санынан 20-дан 23 % өскен. Жануарларды асылдандырудағы бұл жағдай 2001 жылдан бастап жақсарып, 2020 жылы асылтұқымды жас төлдердің саны жалпы мал санының 19-23% дейін жеткізіліп отыр.

Қазіргі уақытта жалпы Қазақстанда өсірілетін қазақтың ақбас тұқымы малының саны 384472 бас малды құраса, оның 274959 бас малы асыл тұқымды деп танылады, яғни 71,5 пайыз. Яғни 2015 жылмен салыстырғанда асыл тұқымды малдың саны 163010 басқа немесе үлес салмағы 20,2 %-ға артты.

Шығыс Қазақстан облысы Қазақстанның асылтұқымды мал басының саны бойынша 102854 бас және үлес салмағына сәйкес бірінші орынды алып, 26,7% құрайды. Батыс Қазақстан облысы Қазақстанның асылтұқымды мал басының саны бойынша 60195 бас және үлес салмағына сәйкес екінші орынды алып, 15,6% құраса, Павлодар облысы 37445 бас малды құрап, үлес салмағы 9,7% жетіп отыр.

Соңғы 10 жылда асылдандырылған жануарлардың мал басы бес есеге көбейсе, соның ішінде сиырлар 35,04% құрап отыр. Қазақстанның барлық аймақтарында асылтұқымды мал сатылып келеді,

2019 жылы асыл тұқымды сатылған мал саны 42000 басты құрады, соның ішінде 54 % жоғары классты бұқашықтар болып келеді.

Айта кететін жайт, Шығыс Қазақстан өңірінде қазақтың ақбас тұқымы малын асылдандыру жұмыстары келесідей ірі шаруа қожалықтарда «Шалабай», «Багратион-2», «Пририченское», «Қалбатау», «Елімай» және т.б. қарқынды жүргізілуде, ал Батыс Қазақстан аймағының барлық ірі шаруашылықтары «Айсұлу» ("Аңқаты"), «Ақас», «Сэбит», «Шунайбеков», «Алем», «Дөңгелек», «Аманиер», «Есет», «Рауан», «Лбішін» және т.б. шаруа қожалықтары экономикалық ауқаттылығын қамтамасыз етіп тұрған бір ғана сала болып табылады. Осылайша, қазіргі уақытта Шығыс және Батыс Қазақстан облысында қазақтың ақбас тұқымының генофонды қоры бар, бұл оның сақталып әрі қарайғы жетілдірілуін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Ол ұрықты қатырып сақтау, аталық бұқалармен және шаруашылық субъектілеріндегі 8830 бас аналық мал басы популяциясымен берілген.

Елімізде берік асыл тұқымды мал қорын жасап, табындарда негізінен таза тұқымды бұқаларды қолданудың нәтижесінде, шаруашылықтардағы қазақтың ақбас тұқымы мал табынының тұқымдылық құрамы жақсартылып, таза тұқымды малдың сапалы саны мен үлес салмағын көбейтуге мүмкіндік берді.

Бүгінгі таңда, елімізде қазақтың ақбас тұқымы табынындағы барлық мал таза тұқымды, соның ішінде асылтұқымды мал үлесі 71,5% құрайды, яғни 274959 бас мал. Малдың түрлі белгілеріне баға беру нәтижесінде жиынтық класы анықталады, ол табынның сапалық құрамының көрсеткішін білдіреді. Шаруа қожалықтарында жоғары классты тұқымдық бұқаларын тиімді пайдалану нәтижесінде табынның сапалық құрамы артып келеді. Оған 2020 жылы жүргізілген бонитировка мәліметтері дәлел.

Асыл тұқымды қазақтың ақбас тұқымы малының тұқымдылық сапасы соңғы жылдары тұрақты жақсарып келеді. Мысалы "Айсұлу", «Чапай», «Шалабай», «Алабота», «балқаш» және т.б. шаруа қожалығында қазақтың ақбас сиыры малы таза тұқымды асылдандырылып жетілдірілуде.

Бүгінгі күні Қазақстанда асыл тұқымды мал табынын асылдандыруда, қолданылып жүрген асыл тұқымды өндіргіш бұқалардың барлығы (100,0%) элита-рекорд және элита класының талаптарына сай келеді. Соңғы жылдары табынды өз төлімен өсіруде элита-рекорд және элита класының таза тұқымды аталық бұқалары кеңінен пайдалану нәтижесінде табынның класстық құрамы жақсарып келеді.

Етті мал шаруашылығында жануарлардың тірілей салмағы, кешенді көрсеткіші олардың өсуін, дамуын, өнімділігін сипаттайды, қорытындысында, алынатын өнімнің санын анықтайды.

Соңғы жылдары тұқымдық мал табындарында элита-рекорд класына жататын қазақтың ақбас сиыры тұқымының жоғары таза тұқымды аталық бұқалары пайдаланылады. Жүргізілген селекциялық-асылдандыру жұмыстары нәтижесінде барлық жастағы бұқалардың тірілей салмағының өсуі тұрақты деңгейге қойылды.

Аталық бұқалардың 2,3,4,5 және оданда жоғары жастарында орташа тірілей салмағы бойынша бонитировка класының жоғары талаптарынан 4,1-50,6 кг немесе 0,5-5,7 %-ға жоғары. Ал аталық бұқалардың тірілей салмағы соңғы жылдары 2015 жылмен салыстырғанда 2 жаста 17,3 кг, 3 жаста 4,8 кг, 4 жаста 17 кг және 5 –тен жоғары жастағылары 23 кг азайып отыр. Бірақ, барлық бұқалар тұқым мал стандартының элита-рекорд және элита класс талаптарына жауап береді.

Бағытталған асылдандыру жұмысы, азықтандыру мен бағып-күту жағдайларының жақсартылуы сиырлардың өнімділігін жоғарылатып және оның тұрақтануына әкелді. Талданып отырған кезеңде шаруашылықтар бойынша орташа алғанда сиырлардың тірілей салмағы элита класс талабынан 3 жастарында 451,5-467,7 кг немесе 2,47 %-ға, 4 жастарында сәйкесінше 503,1-525,4 кг немесе 2,72 %-ға, 5 жас және одан жоғары 542,9-554,4 кг немесе 0,59 %-ға басымдық көрсетті. Жоғары тірілей салмақпен 2005 жылғы есеп кезіндегі сиырлары сипатталады. 2015 жылы сиырлардың барлық жастарында тірілей салмақтың 2005 жылмен салыстырғанда 3 жаста 12,7 кг, 4 жаста 22,3 кг, 5 және оданда жоғары жаста – 11,5 кг төмендегені байқалса, 2020 жылы бірінші категориялы элита-рекорд классының аталық бұқаларын жаппай пайдалану нәтижесінде табындағы сиырлардың тірілей салмағы 3 жаста – 16,2 кг, 4 жаста – 9,2 кг, 5 және оданда жоғары жаста – 4,6 кг артқаны байқалады. Соңғы жылдары генетикалық бағалы малдарды тандап, оларды асылдандыру жоспарына сай сұрыптаудың нәтижесінде, табындағы үлгілі малдардың өнімділігін тұрақтандыруға мүмкіндік берді. Сақа сиырлардың орташа тірілей салмағы табын бойынша 2005 жылы -554,4 кг, 2015 жылы - 542,9 кг, 2020 жылы - 547,5 кг болды.

Етті ірі қара шаруашылығында асылдандыру жұмыстары барысында жоғары сапалы ет өндіру үшін төлдердің тірілей салмағы, орташа тәуліктік өсу көрсеткіштері маңызды болып табылады. Соңғы он жылда қазақтың ақбас тұқымы төлдерінің орташа салмағы бойынша бұқашықтар 6 айлығында 179,5 кг, 8 айлығында 221,7 кг, 12 айлығында 311,4 кг, 15 айлығында 380,9 кг тірілей салмақ тартып өссе, қашарлар сәйкесінше – 171,4 кг; 200,7 кг; 279,7 кг және 326,8 кг өскен.

Өсіру кезіндегі 8-ден 15 айлығына дейінгі кезеңде орташа тәуліктік салмақ қосымы бұқалар бойынша – 752,6 және қашарлар бойынша –600,3 г құрады. Ал тұқым стандартының I класс талабымен салыстырғандағы бұқашықтар мен қашарлардың артықшылығы 6-15 айлық жас шамасында тиісінше 3,8-5,57 және 5,63-7,14% шегінде болды.

Жалпы алғанда, талданып отырған кезеңде, бұқашықтардың тірілей салмағы 3,8%, қашарларында 6,3% көбейді, орташа тәуліктік салмақ қосымы сәйкесінше 3,4% және 11,8% артып келеді.

Қазіргі уақытта қазақтың ақбас тұқымы асыл тұқымды табындарының генеалогиялық құрылымы көптеген туыстық топтармен, генеалогиялық және зауыттық желілермен, сондай-ақ типтермен ұсынылған. 01.01.2020 жылғы жағдай бойынша Палатаға мүше – шаруашылықтарында АТЖ ақпараттық жүйесінде 88 151 бас қазақтың ақбас тұқымы бойынша мәліметтер бар, олардың 54% - 31 аталық ізге, 8 туыстық топқа және 47 түрлі генетикалық топқа жатады. Соңғы жылдары асыл тұқымды табындарда 2013 жылы бекітілген жаңа зауыттық аталық іздер: Адонис 3410, Микрон 6191, Макет 6527, Шаман 1163, Пион 61184 және Граф 8489 кеңінен қолданылады. Шығарылған жаңа зауыттық аталық іздер мен селекциялық жұмыстар бүгінгі күні белсенді туыстық топтың аталық бұқалары арқылы жүзеге асырылуда.

УДК 636:619

**Абсатиров Г.Г.**, доктор ветеринарных наук, профессор

НАО «Западно-Казахстанский аграрно-технический университет имени Жангир хана», г. Уральск

### ВЕТЕРИНАРНЫЕ АСПЕКТЫ МЯСНОГО ЖИВОТНОВОДСТВА

#### Аннотация

В эффективности развития мясного животноводства немаловажную роль играет продуктивное здоровье крупного рогатого скота и здесь очень важно устранить ветеринарные риски. Сдерживающими факторами развития мясного животноводства могут быть проблемы воспроизводства и сохранность молодняка. Нозологический профиль патологий в зависимости от возрастных особенностей животных различный. Например среди молодняка преобладают болезни органов дыхания, что во многом связано с технологией содержания и выращивания, тогда как среди взрослых животных на первом месте среди заболеваний отмечаются – болезни глаз, различной этиологии.

Одной из важных проблем мясного скотоводства, являются инфекционные патологии бактериальной и вирусной природы. Наибольший ущерб мясному животноводству Казахстана причиняет бруцеллез. Анализ мер борьбы и профилактики выявил системные недостатки в организации и проведении противоэпизоотических мероприятий. Кроме системных недостатков в борьбе с бруцеллезом, имеют место быть ошибки и нарушение ветеринарного законодательства со стороны владельцев животных, что также способствует возникновению и распространению бруцеллеза. Таким образом развитие мясного животноводства будет успешным, если будут учтены риски возникновения патологий и присущие для данной отрасли ветеринарные аспекты.

Из числа болезней молодняка в хозяйствах, мясного направления, наиболее актуальны респираторные болезни. Одной из особенностей их эпизоотологии является низкое значение в распространении микробной контаминации воздуха, что объясняется содержанием телят от рождения до 6 месячного возраста на пастбище или открытых площадках. Однако это как правило сложные климатические условия, создающие функциональную перегрузку органов дыхания и способствуют возникновению болезней органов дыхания.

Среди взрослого поголовья животных преобладают болезни глаз. Причинами этой категории патологий могут быть различные: травмирование слизистой глаз посторонними предметами; телязиоз